

"Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-б бұйрығына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 293-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 12 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3342. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 311-ө бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 311-ө бұйрығымен.

Зейнетақы және жәрдемақы төлемдерін төлеудің тәртібін "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен "Бюджет қаражаты есебінен жалақы, стипендия, зейнетақы, жәрдемақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін, сондай-ақ, мемлекеттік кәсіпорындарға және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдарға жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1464 қаулысымен, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136-1 Заңымен сәйкестікке келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2001 жылғы 19 сәуірдегі N 71-б, 2003 жылғы 5 мамырдағы N 92-б бұйрықтарымен өзгерістер енгізілген "Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-б бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1432 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, N 20, 396-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орталықтан төленетін зейнетақы

төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі - Нұсқаулық) өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

18-тармақтың 3) тармақшасындағы "Халық банкінің филиалдарына" деген сөздер "тиісті банк операциялары түрлеріне қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 24-1 тармағымен толықтырылсын:

"24-1. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оралман болып танылған адамдарға, олар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басының куәлігін алғанға (бірақ 6 айдан аспайтын мерзімге) дейін, зейнетақы мен жәрдемақы оралманның белгіленген үлгідегі жеке куәлігі негізінде төленеді.";

нұсқаулықтың N 2-қосымшасы мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. оралманның жеке куәлігінің көшірмесі;"

нұсқаулықтың N 28-қосымшасындағы ескертудің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстар туралы анықтамаға " Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау (есептеу) және аудару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау, аудару жүзеге асырылған барлық табыстар түрі қосылады".

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен күшіне енеді.

Министр

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер Министрі

2004 жылғы " ____ " _____